

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органдары болып табылады. Комитеттер әзірлеген барлық ұсыныстар Банктің Директорлар кеңесінің қарауына берілетін ұсынымдар болып табылады. Директорлар кеңесінің мүшелері және сарапшылар Қазақстанның заңнамасына сай Комитеттердің мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде төменде келтірілген. Барлық Комитеттер өз қызметін өз Ережелері негізінде іске асырады.

#### **Аудит жөніндегі комитет**

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады, олар Директорлар кеңесі барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылуы тиіс.

#### **Комитеттің құрамына кіретіндер:**

Кристоф Рель – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салық есебі, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласында білімдері мен тәжірибелері бар.

#### **Аудит жөніндегі комитеттің құзыреті:**

Комитет Директорлар кеңесіне қаржы есептілігінің толықтығы және шынайылығы, Банктің және еншілес ұйымдардың заңнама және ішкі құжаттар талаптарына сәйкестігі (комплаенс-бақылау), ішкі аудиторды таңдау және оның тәуелсіздігі, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің дәлме-дәлдігі және тиімділігі мәселелері бойынша көмек көрсетеді, сонымен қатар ішкі аудиттің жұмысын үйлестіреді.

#### **Кадр және сыйақы жөніндегі комитет:**

Кадр және сыйақы жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады, олар Директорлар кеңесі барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылуы тиіс.

#### **Комитеттің құрамына кіретіндер:**

Франк Кайларс – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы.

Комитеттің көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды, Комитеттің барлық мүшелерінің қызметкерлерді басқару саласында, сыйақы мәселесі бойынша үлкен тәжірибесі бар.

#### **Кадр және сыйақы жөніндегі комитеттің құзыреті:**

Комитет Директорлар кеңесіне, Басқармаға және еншілес компаниялардың директорлар кеңесіне үміткерлер туралы, Директорлар кеңесінің және Басқарманың сыйақы, еншілес компаниялардың директорлар кеңесінің және атқарушы органдарының еңбекақы жүйесі туралы Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізеді.

### **Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет**

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесі барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар кеңесінің бес мүшесінен және Банк қызметінің көбіне стратегиялық бағытына жетекшілік ететін Басқарма мүшелері – төрт сарапшыдан тұрады.

#### **Комитеттің құрамына кіретіндер:**

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Петр Романовски – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;

Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев – Комитет мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ ірі акционерінің өкілі;

Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Михаил Никитович Каблашев – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);

Дәурен Жанкісейұлы Сартаев – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің Төрағасы болып Банктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі саналады, Комитеттің құрамына ақпараттық технологияларды дамыту; банктік қызметтерді көрсету және дамыту; тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау сияқты түрлі салаларда жұмыс тәжірибелері бар сарапшылар мен Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді.

#### **Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құзыреті:**

Комитет «Налук» Тобының стратегиясын қарастыру, стратегияны орындау туралы есептерді талдау, сыртқы ортаға және оның Топтың стратегиялық жоспарларына ықпалын етуіне мониторинг жүргізу мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді, тиісті жылға Банк бюджетінің жобасын алдын ала қарастырады, сонымен қатар Банк табыстылығын басқару саясатының жобасын алдын ала қарастырады, сонымен қатар Банктің және оның қызметкерлерінің аталған саясатты ұстануына мониторинг және бақылау жасайды.

### **Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет**

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесі барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар кеңесінің үш мүшесінен және демеушілік пен қайырымдылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелері – екі сарапшыдан, Маркетинг және PR департаментінің басшысынан тұрады. Сарапшыларды қоспағанда, Комитеттің барлық мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады.

#### **Комитеттің құрамына кіретіндер:**

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Франк Кайларс – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Кристоф Рель – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Дәурен Жанкісейұлы Сартаев – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ);

Сағынбек Қуанышбекұлы Шүнкеев – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

### **Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құзыреті:**

Комитет Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы саясаты, Банк қызметінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келу, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ықтимал тәуекелдер және оларды азайту, Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік туралы есебін дайындау мен жариялау және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында тиісті жылға шығындар бюджетін алдын ала қарау мәселелері жөнінде Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді.

### **Тәуекелдер жөніндегі комитет**

Тәуекелдер жөніндегі комитет 2020 жылғы мамырда құрылған.

Комитет Директорлар кеңесі барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен және бір сарапшы – Банктің Тәуекел-менеджмент басшысынан, Бас комплаенс-бақылаушысынан тұрады.

### **Комитеттің құрамына кіретіндер:**

Александр Сергеевич Павлов – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Петр Романовски – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;

Алмас Мұқтарұлы Маханов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Комитеттің көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды, Комитеттің барлық мүшелерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында үлкен тәжірибесі бар.

### **Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыреті:**

Тәуекелдер жөніндегі комитет Банктің Директорлар кеңесінің жанындағы алқалы орган болып табылады, негізгі мақсаттарына Банкте тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін жасақтау, оның қызмет етуін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді атқаруда Банктің Директорлар кеңесіне көмек көрсету және Банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейі туралы ақпараттандыру жатады. Тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері:

1) Банк қызметіне тән, оның ішінде тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілігін қараған кезде тәуекелдерді тұрақты бағалау, сонымен қатар Банктің тәуекел-бейінінің өзектілігін сақтап тұру;

2) келесі мәселелер:

Банктің тәуекел-тәбетінің және тәуекел-бейінінің стратегиясына қатысты жекелеген стратегиялық шешімдерді жасап шығару үшін Банк қызметіне тән тәуекелдердің негізгі түрлерін (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарық тәуекелі, капиталды басқару, операциялық тәуекел, қызметтің үздіксіздігін басқару, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі) басқару;

Банкте комплаенс-тәуекелдерді басқару;

Банкте ішкі бақылау жүйесінің дәлме-дәлдігін және тиімділігін қамтамасыз ету;

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құзыретіне жатқызылуы заңнамаға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін басқа мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесі үшін қажет болғанда ұсыныстар дайындау;

3) Банкте ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуіне бақылау жасау болып табылады.